ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған

**«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

# ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

7 сәуір 2016ж.

# СБОРНИК ТРУДОВ

международной научно-практической конференции

**«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»,**

посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета

7 апреля 2016г.

# PROCEEDINGS

of the international scientific-practical conference

**“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**

dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty

7 April, 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

**УДК 336: 338.48 (063)**
**ББК 65.261**
**Қ 41**

**Редакционная коллегия:**

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.
Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

**Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер:** Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы _ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. _ Proceedings of the international scientific-practical conference **"Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism".** – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 _ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016_ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

**УДК 336: 338.48 (063)**
**ББК 65.261**

**ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

2 Соглашение о таможенном союзе (г.Москва, 20 января 1995 года) http://www.epravo.kz/urist/detail.php?ELEMENT_ID=3520

3 Аналитические материалы Евразийской экономической комиссии. Об итогах внешней торговли товарами государств – членов Таможенного союза в январе-декабре 2012 года http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/tradestat/analytics/archive/Documents/Analytics_E_201212.pdf

4 Аналитические материалы Евразийской экономической комиссии. Об итогах внешней торговли товарами государств – членов Таможенного союза в январе-декабре 2014 года http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/tradestat/analytics/Documents/Analytics_I_201412.pdf

5 Аналитическая записка Счетной палаты РФ «О результатах экспертно-аналитического мероприятия «Мониторинг и анализ эффективности функционирования регулирующих механизмов Таможенного союза» http://www.budgetrf.ru/Publications/Schpalata/2013/ACH201303261659/ACH201303261659_p_005.htm

6 Аналитический обзор Евразийской экономической комиссии «Об основных социально-экономических показателях государств-членов Евразийского экономического союза» http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/econstat/Documents/Indicators201506.pdf

5 Бельянинов, А. Ю. Слагаемые интеграционных процессов. Таможенное сопровождение Единого экономического пространства / А.Ю. Бельянинов // Таможня. – 2015. – № 6 (317). – С. 5-9.

## ВЕНЧУРЛІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ РЕТІНДЕ

***Мухияева Д.М.***

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: dinara_muhiyaeva@mail.ru

Ғылыми жетекші: э.ғ.д., профессор Толысбаев Б.С.

«Венчур» - ағылшынның «venture» тәуекелді кәсіпорын немесе бастама дегенді білдіреді. Венчурлік капитал жеке бизнесті каржыландырудың баламалы нысаны ретінде АҚШ-та 50-жылдардың ортасында пайда болды.

Европаға ол тек 70-жылдардың соңында ғана келді. Венчурлік капитал пайдаболғанға дейін әлемде шағын және орта бизнесті каржыландыруды банктік капитал, ірі корпорациялар мен компаниялар және ауқатты адамдар, яғни «бизнес періштелерінің» қаржыландыруы арқылы жүзеге асырылған. Венчурлік бизнестің отаны - Силикон аңғары. 1957 жылы Артур Рок

инвестициялық банкте істеп жүрген кезінде Shoreley Semiconductors Laborotories компаниясының инженері Юджин Клейнерден хат алады. Клейнер жаңа кремний транзисторын шығару идеясын қолдайтын фирма іздеп жүрген болатын. Кездесуден кейін Артур Рок Клейнердің жобасына қажет 1,5 млн. долларды қаржыландыруға инвестор тауып беруге келісті. Алайда Артур жолыққан 35 корпоративтік инвесторлар ұсынысқа қызығушылық танытқанымен қаржыландыруға келіспеді. Сол кезде Рокка Шерман Фэрчайлдқа жолығуға кеңес берді. Ш.Фэрчайлд - өнертапқыш және жаңа компанияларды қаржыландыру жөнінде тәжірибесі бар еді. Ол қаржыландырған 1,5 млн. доллар нәтижесінде Силикон аңғарындағы барлық жартылай өткізгіштер шығаратын компаниялардың негізі қаланды. Табысты венчурлік капиталистердің бірі - Cisco Systems компаниясы желілік маршрутизатор және телекоммуникациялық жабдықтар өндірісі жөнінен әлемдік көшбасшылардың бірі. 1987 ж. Дон Валентин Sequoia Cisco Systems компаниясының 2.5 млн. доллар тұратын акциялар пакетін сатып Артур Рок, Франклин Джонсон, Том Паркинс - венчурлік капиталдың негізін қалаушылар. Венчурлік бизнес арқасында АҚШ-та 100 мыңдаған жаңа жұмыс орындары пайда болып, миллиардтаған қосымша табыс әкелінді. Венчурлік капиталдың қалыптасуы уақыт бойынша компьютерлік технологияның қарқынды дамып, орта американдықтардың қалыптасып, әл-ауқатының өсуімен сәйкес келеді. Қазіргі заманғы компьютерлік бизнестің алыптары Aplee Computers. Compaq Sun Microsystems. Mirisoft. Lotus. Lotus. Intel венчурлік капитал көмегімен осы дәрежеге жетті. Сонымен қатар, персоналды компьютерлер мен биотехнология секілді жаңа салалардың да қарқынды дамуы негізінен капитал пайда пайда болмастан 15 жыл бұрын жеке кәсіпкерлер акционерлік қапиталды қаржыландыру көздеріне қолы еркін жетпетін. 80 жылдардың ортасынан бастап еуропалық салымшылар тұрақты табысы бар дәстүрлі активтерге аз қаражат салып, акцияларға инвестиция салу мүмкіндігіне қызығушылық танытты. алды. 1 жылдан кейін ол 3 млрд доллар болды.

Еуропадағы венчурлік индустрияның пионері - Ұлыбритания, әлемдегі қуатты қаржылық орталық. 1979 жылы осы елдегі венчурлік инвестициялардың жалпы көлемі 20 млн. фунт болса, 8 жылдан кейін бұл сома 6 млрд. фунтқа жетті. Өткен он жылдықтағы Еуропадағы венчурлік бизнеске 46 млрд фунт шоғырланды және инвестициялаған жеке компаниялар саны 200 мыңға жуық. Еуропаның 20 елінде 500 венчурлік қор мен компания бар.

Бұл қаржыландыру шағын инновациялық бизнесті қолдауға дамытуға арналған еді. Қазіргі күні ол жеке венчурлы кәсіпкерлікке айналды. Бұл кәсіпкерлік екі түрлі бизнестің косындысы: бірі қаржы, екіншісі инновациялық бизнес.

Венчурлы бизнестің негізгі субъектілері мыналар:

1. қаржы акцепторлары – венчурлы кампаниялар және жаңа бастаушы кәсіпкерлер;

2. қаржы донарлары – жеке тұлғалар, бизнес-періштелер және маменданған қорлар;

3. қаржы және ақпарат делдалдары;

Венчур деген сөздің өзі тәуекел деген мағынаны білдіреді. Бұл бір жағынан өте тәуекелге жақын, ал бір жағынан жоғары пайдалы кәсіпкерлік дегенді білдіреді. Венчурлы қаржыландыру ол ұзақ мерзімді жоғарғы тәуекелді қаржыландыру (яғни 5-7 жылға дейін созылатын). Ол жаңа пайда болған шағын инновациялық кәсіпорынның акционерлік капиталын қалыптастыратын немесе бұрыннан белгілі венчурлы компанияның капиталына айналатын қаржы құралы.

Венчурлы компаниялардың инвестиция салынуына байланысты мынадай түрлері болады:

**Seed – «өсіруге арналған компаниялар».** Бұл тек идея жүзіндегі бизнес оны инновациялық жоба түріне келтіру үшін, қосымша зерттеулер, тәжірибелер жасауға, моделін құрастыруға белгілі бір қаржы бөлу керек. Егер инновациялық идея пайда әкелетіндей болса, онда оны әрі қарай қаржыландыруға шешім қабылданады, ал егер ол тиімсіз болатындай болса онда әрі қарай қаржыландырылмайды.

**Start-up – «жаңа ғана пайда болған компания»**. Бұл компанияда инновациялық процесстің алғашқы этаптары жүзеге асырылған. Бұл компаниялар енді ғана құрылып жатқан, бірақ менеджмент түрінде бар инновациялық процессті әрі қарай жалғастыруға дайын.

**Early Stag - «бастапқы кезең».** Компания инновациялық процесстің ең соңғы сатысында, яғни инновациялық өнімді нарыққа енгізіп коммерциялық жолға түсуге әзір, бұл компаниялар инновациялық өнімді нарықта табысты сатып, қосымша зерттеулер жүргізуге қаржы алуға дайын.

**Expansion – «кеңейу»** компаниялар кең түрде инновациялық өнімді сатып пайда табу үстінде, олар жаңа инновациялық жобаға қаржы алғысы келеді.

Венчурлі инвестициялау мемлекет дамуындағы инновация секторындағы икемді жүйелердің бірі. Венчурлі қызметті реттеудің ортаық мәселесі ол елдегі ғылыми және техникалық потенцияалды сақтай отырып, мемлекеттің ғылыми сыйымдылық өндірісі және жжаңа технологиялардың дамуымен байланысты мақсаттарының кәсіпкерлерлің мақсатымен үйлесуі болып табылады.

Экономиканың инновациялық секторын венчурлі инвестициялауды реттеудің шет ел тәжірибесі талдауларына қарайтын болсақ, дамыған мемлекеттерде жвенчурлі инвестициялауды реттейтін арнайы жзаңнамалық жйе жоқ. Инвестицияның бұл түрі инвестициялық қызметтің жалпы заңнамалық реттеу құжаттары аясында ғана жүзеге асатыны мәлім. Экономикасыдамыған мемлекеттердегі мемлекеттік құрылымдар тікелей жжәне жвенчурлі капиталдың индустриясын инновациялық даму жжәне бәсекеге қабілеттілігін, экономикалық жөсуге жетудің бірден бір көзі ретінде қарастырады.

Венчурлі индустрияның жағымды ролі келесідей:

− Жжаңа коммерциялық тұрғыда табысты болатын инновациялық кәсіпорындарды қалыптастыурды белсендіру;

− Венчурлі бизнес экономика масштабында қаржылық ресурстарды қайта бөлудің тағы бір әдісі ретінде қарастыру.

− Венчурлі капитал қорлары жөсудің жоғары беделі бар кәсіпорындарды тек инветиялап қана қоймай, олардың дамуына қолдау жасайды.

− Қазақстан Республикасы «Инновациялық қызметті мемелкеттік қолдау» туралы заңнамалық актіде инновациялық қор құру қарастырылған.

− Қазақстан Республикасы Үкіметі 2003жылы 30 мамыр №502 «Ұлттық инновациялық қор» АҚ құру туралы Қаулысында қордың негізгі міндеттері:

− Отандық және шет ел инвесторларымен бірлесіп, венчурлі қорлар құру, инновациялық жобаларды венчурлі қаржыландырудың механизмі және инфрақұрылымын қалыптастыру ;

− Жаңа технологияларды құруға бағытталған қолданбалы ғылыми жзерттеу жжәне тәжірибелі конструкторлы жұмыстарды қаржыландыру;

− Инновацияның нарыққа енуін қаржыландыру;

− Ұлттық инновациялық жүйенің инфрақұрылымының элементтерін қалыптастыруға қатысу (технополис, технопарк, бизнес инкубаторлар және т.с.с.);

− Ғылыми техникалық өнім нарығын қалыптастыруға қатысу;

Қазақстан Республикасы ұлттық инновациялық жүйесын қалыптастыру және дамытудың 2003-2015 жылдарға арналған бағдарламасында «венчурлі қорларды мемлекет қатысумен қалыптастыру» Ұлттық инновациялық қор арқылы жүзеге асатыны көрсетілген.

Ұлттық инновациялық қордың инвестициялық саясаттың маңызды бағытының бірі отандық және шет ел инвесторлары қатысуымен капиталдың бақылаусыз қатысуы бар венчурлі қорлар құру болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанда экономикалық дамуындағы бірінші кезектегі шешуші міндет тиімді инновациялық жүйе құру және әлемдік нарықта отандық инновациялық жөнім ждеген ұсынысты ұлғайту. Дмыған елдердегі тәжірибеге сүйенсек, ұлттық инновациялық жүйенің маңызды компонеті ол венчурлі инвестициялау кіші инновациялық кәсіпорындарды ыкелей инвестиция арқылы дамытудың алғашқы кезеңінде жобаларды қаржыландыру механизмі.

Венчурлі капитал Қазақстанда жөз бастауын 2000 жылдардан алады, ал аталған саланы мемлекеттік жқолдау 2004 жылы ҚР 2003-2015 жылдарға аранлаған индустриалды инновациялық дамыту Стратегиясы аясындағы қлттық инновациялық жүйе ні дамыту бағдарламасын мақұлдаған сәттен басталды.

Қазақстан Республикасы бірнеше қаржылық компания топтарымен 5қазақстандық венчурлі топ құрды. Аталған бес венчурлі қор бойынша жалпы капитал сомасы 110 миллион АҚШ доллары 2007 жылы 130 миллион АҚШ долларына өсті.

Венчурлі қорлардың инвестициялық саясаты экономиканың перспективалық саласына инновациялық жобаларын тарту болып табылады.2004ө 2013 жылдары Технология және даму жөніндегі ұлттық агенттігі 4,1 млрд.тенгеге 19 инновациялық жоба және 7,2 млрд.тенгеге 13 венчурлі қорларға қаржылқ қолдау көрсетті.

Кесте 1Қазақстандағы венчурлі қорлардың даму тенденциялары

| № | Венчурлі қордың атауы | Шешім қабылдаған уақыт | Инвестициялық агенттіктер млн. тг. | мәрте бесі | инвестицияны қайтару, млн. тг. |
|---|---|---|---|---|---|
| **Отандық венчурлі қорлар** | | | | | |
| 1 | «Арекет» АҚ | 2004 | 264 | жүзеге асуда | - |
| 2 | «Delta technology» АҚ | 2005 | 1 319 | жүзеге асуда | - |
| 3 | «АИФРИ «Logycom perspective Innovations» АҚ | 2008 | 29,4 | жүзеге асуда | - |
| 4 | Сентрас» венчрулі қор АҚ Тәуекелді инвестициялаудың инвестициялықакционерлік қоры | 2005 | 542,6 | жүзеге асты | 641,8 |
| 5 | «Парасат» «Тәуекелді инвестициялаудың инвестициялықакционерлік қоры | 2012 | 37 | жүзеге асты | 37 |
| **Барлығы** | | **2 192** | | **678,8** | |
| **Шет ел венчурлі қорлары** | | | | | |
| 1 | Wellington Partners Ventures III Technology Fund L.P. | 2005 | 1 296 | жүзеге асуда | - |
| 2 | Flagship Venture Fund | 2005 | 1 281 | жүзеге асуда | - |
| 3 | Vertex III Venture Fund | 2006 | 133 | жүзеге асуда | 437,4 |
| 4 | Mayban-JAIC ASEAN | 2006 | 378,2 | жүзеге асты | 345 |
| 5 | ООО «Центр инновационных технологий «ЕврАзЭС» | 2012 | 143,7 | жүзеге асуда | - |
| CASEF | | | 170 | жүзеге асты | 133,7 |
| **Барлығы** | | **2 853,7** | **916,1** | | |

Дерек көзі: Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік материалдары

Көріп отырғанымыздай, елдегі венсурлі бизнес сәтті бастау алды деуге тұрарлық. Алайда, Қазақстандағы венчурлі қаржыландыруды дамыту мәселелері қалыптасты. Олар:

•Венчурлі инвесторлардың негізгі талаптарына сай келетін кіші инновацияллық кәсіпорын санының жеткіліксіздігі;

•Венчурлі қорлар тарапынан біліктіліг жоғары мамандардың боламуы, сонымен қатар, ізденуші компаниялардың менеджмент жүйесінің әлсіз дайындығы.

•Венчурлі капиталдың қазақстандық көздерден құралмауы;

•Өнідірістік кәсіпорындар арасында бәсекелестіктің болмауы салдарынан инновацияға деген сұраныстың болмауы;

•Ғылыми зерттеулер және туындылардың нәтижелерін коммерциализацяилаудың төмен деңгейі;

•Инновацияны дамыту институттарындағы қаржыландыру құралдарының жеткіліксіздігі.

## Әдебиеттер

1 Барлыбаева Н.А. Национальная инновационная система Казахстана: перспективы и механизм развития. — Алматы: Институт экономики. — 2006. — 199 с.

2 Сексембаева С. В Казахстане расширяется количество венчурных фондов // http://bnews.kz/ru/news/post/94985

3 Гледстоун Д., Гледстоун Л. Инвестирование венчурного капитала - Дп.:1. balans bisnes buks. 2006.- С.416.

4 Финансирование Инновационного Развития. Сравнительный обзор опыта стран ЕЭК ООН в области финансирования на ранних этапах развития предприятий / Перевод с английского – СПб.: РАВИ, 2008

5 Отчет с рекомендациями по повышению эффективности национальной инновационной системы, в том числе на законодательном уровне, Астана 2014 год. АО «Национальное агенство по технологическому развитию» , Астана 2014

# ҚР АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ЗЕРДЕЛЕУ

***Нурбаева А.Т., Жанаева А.А.***
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: aizhan.nurbaeva87@mail.ru

Аймақтық экономика - өндіргіш күштер дамуы мен орналасуын елдің аумағындағы әлеуметтік-экономикалық үрдістерді және оның аймақтарын табиғи экономикалық жағдайлармен тығыз байланыстыра зерттейтін ғылым. Аймақтар экономикасы ғылымы 20- ғасырдың 50-ші жылдары батыста